



**Әуе кемелерін жаңар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету бойынша  
жерусті қызмет көрсету қызметтерін берушіні іріктеу жөніндегі конкурстық  
құжаттама**

Іріктеу жөніндегі құжаттама Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 02 қазандағы № 750 бұйрығымен бекітілген әуежайларда жерусті қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) сәйкес әзірленді.

**1. Жалпы мәліметтер**

Әуежайды пайдаланушы	"Алматы халықаралық әуежайы" АҚ
Әуежайды пайдаланушының орналасқан жері	Қазақстан, Алматы қ.. Майлин к-сі, 2
Қызметтердің қысқаша сипаттамасы	<p>Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі 2018 жылғы 30 қазандағы № 749 "Әуежай қызметіндең құрамына кіретін әуеайлактық және жерусті қызмет көрсету тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" бекіткен жерусті қызмет көрсету қызметтерінің бір бөлігі</p> <p><b>МАҢЫЗДЫ:</b> конкурстың нысанасы болып табылатын көрсетілетін қызметтердің егже-тегжейлі сипаттамасы осы конкурстық құжаттамаға техникалық ерекшелікте келтірілген.</p> <p><b>МАҢЫЗДЫ:</b> әлеуетті жеткізушілердің өтінімдері осы конкурстық құжаттаманың ажырамас болігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің 2-тармағында көрсетілген қызметтер қабылданады.</p> <p><b>МАҢЫЗДЫ:</b> жана терминалдың алдында гидрант жүйесі қолданылады, сәйкесінше жана терминалдың телескоピялық баспаңдақтарында тұрған әуе кемелерінә жаңармай құю үшін отын тарату колонкалары қолданылады.</p>
Техникалық сипаттама	1-Қосымша
Конкурсқа қатысушыларды бағалау критерийлері	2-Қосымша
Шарттың қолданылу мерзімі	<p>6 жыл</p> <p><b>МАҢЫЗДЫ:</b> жеткізуши шарттық міндеттемелерді орындауға жеғүсті қызмет көрсету қызметтерін көрсетуге шарт жасалған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей кірсуге тиіс.</p>

Арнайы техника мен жерүсті қамтамасыз ету құралдарының тізбесі	3-қосымша
Орталықтандырылған инфракүрылымды есептік пайдалану	4-қосымша
Мәлімделген саладағы жұмыстарды орындау үшін қажетті арнайы техника мен жабдықтардың ең аз саны	5- қосымша

## 2. Сроки проведения отбора

Отінімдерді қабылдаудың басталу күні	2024 жылғы 02 ақпан, сағат 11:00
Отінімдерді қабылдаудың аяқталу күні	2024 жылғы 03 сәуір, Астана қаласының уақыты бойынша сағат 14:00
Отінімдерді қабылдау және тіркеу орны	Алматы қ., Майлин к-сі, 2
Отінімдерді ашу күні, уақыты және орны	2024 жылғы 03 сәуір, Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00
Қорытындылау күні	Конкурстық комиссия конкурстық отінімдерді ашқаниан кейін 5 бес жұмыс күні ішінде конкурстың қорытындылары туралы шешім қабылдайды.

## 3. Әлеуетті жеткізу шілерге қойылатын талаптар

3.1. Конкурсқа жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) қатыса алады, бұл ретте консорциум келісімінің қолданылу мерзімі жерүсті қызмет көрсету қызметтерін ұсынуға арналған шарттың қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

3.2. Конкурсқа қатысатын әлеуетті жеткізу шілінің отініміне құжаттардың мыналай көшірмелері (ақпарат) қоса беріледі:

1) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы талонды/хабарламаны не дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және дара кәсіпкерлер үшін жеке куәлікті, сондай-ақ резидент емес занды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді растайтын, әлеуетті жеткізу шілінің резиденттік елінің үәкілетті мемлекеттік органдары ұсыну үшін ресімдегендегі де құжаттарды Қазақстан Республикасының аумағында ресми мақсаттарда қажет болған жағдайда мұндай құжаттардың мемлекеттік/орыс тілдеріне нотариалды қуеландырылған аудармасы, сондай-ақ консулдық зандастыру немесе апостиль болуы тиіс.

2) әуежайдың техникалық ерекшелігіне сәйкес құжаттар;

3) жерге қызмет көрсету қызметтерінің тізбесі;

4) 1 500 000 (бір миллион бес жұз мың доллар) АҚШ долларынан кем емес сомаға жерүсті қызмет көрсетуді жүзеге асыру кезінде үшінші тұлғалар алдындағы зиян үшін жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі.

3.3. Ұйымдық құрылым және кадр саясаты

1) Әлеуетті жеткізу шілінің қолданыстағы ұйымдық құрылымы және жаңа ұйымдық құрылымының жобасы;

2) Әлеуетті жеткізу шілінің қолданыстағы штат кестесі;

3) авиация персоналын кәсіптік даярлау қағидаларының талаптары: әртүрлі жағдайда Уәкілетті ұйым немесе азаматтық авиация ұйымы сертификаттаған эку өртатығы берген үлгілік бағдарламалардың және IATA Ahm 1110 талаптарына жауап беретін окудан

өткен кемінде 5 (бес) қызметкердің болуын растайтын құжаттар;

4) жердегі қызмет көрсете процесіне тартылған персоналды оқыту мен біліктілігін арттырудың бекітілген жылдық жоспары;

5) авиация персоналын кәсіптік даярау қағидаларына (КР ИИДМ 24.02.2015 жылғы № 159 бұйрығы) және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даяраудың үлгілік бағдарламаларына (КР ЕжКМ 28.09.2013 жылғы Бұйрығы) сәйкес персоналды даярау, біліктілігін арттыру және жерге қызмет көрсете бойынша жұмысқа жіберу жөніндегі жоспарды қамтитын Кадр саясаты № 764);

### 3.4. Материалдық ресурстар:

1) ӘК-не қызмет көрсетеуге мәлімделген үлгілерге, КР қолданыстағы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ IATA Amt 905A-да келтірілген қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін мәлімделген қызмет саласында жұмыстарды орында үшін 5 – қосымшаға сәйкес жеткілікті мәлшерде жұмсалған мото/сағат саны болінісінде арнайы техника мен жерусті қызмет көрсете құралдарының шығарылған жылдар кесіндісінде толтырылған т.збесі (3-қосымша) және сәйкестік сертификатының болуы міндетті;

2) "Жылына орталықтандырылған инфракұрылымды есептік пайдалану" нысанын (4-қосымша) толтыру;

3) Өндірушілердің талаптарына сәйкес арнайы техника мен жерусті қызмет көрсете құралдарына техникалық қызмет көрсете, жөндеу бағдарламасы;

4) АТ және деректерді өндіре үшін пайдаланылатын құралдаудың сипаттамасы, сондай-ақ қажетті интерфейстер туралы және әлеуетті жеткізушінің жүйелері әуежайды пайдаланушы жүйелерімен қалай өзара іс-қимыл жасайтыны туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

### 3.5. Корпоративтік қауіпсіздік:

1) ИКАО (ICAO DOC 9859, ICAO DOC 10121) талаптарына сәйкес әзірленген және КР заңнамасының талаптарына сай әзірленген, әлеуетті жеткізушінің үйимшегеңда бекітілген басшы құрама, орта Басқару бұнына және өндірістік персоналға арналған оқыту жүйесін қамтитын ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі мен ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі нұскаулық;

2) Алматы халықаралық әуежайының авариялық жоспарына қатысады қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігі департаментімен Әуежайды пайдаланушының және әлеуетті жеткізушінің ұшу қауіпсіздігі жөніндегі жүйесін қолдануды регламенттейтін Нұскаулық ұсынылсын.

3) Алматы әуежайының авариялық жоспары негізінде әзірленіп бекітілген авариялық жоспар және іркілісті жағдайларға ден қою жоспары;

3.6. Жердегі қызмет көрсете жөніндегі ұйымның қызметін ақпараттық және құжаттамалық қамтамасыз ету

1) техникалық ерекшеліктің 9-тармағының, IATA igom және ICAO dэс 10121 талаптарына сәйкес келетін ӘК көрсетілген типтері үшін жерусті жабдықтары рәсімдерінің орындалуын сипаттай отырып, жерусті қызмет көрсете жөніндегі Нұскаулық;

### 3.7. Қызмет көрсете сапасы жүйесі:

1) ISO 9001, 14001, 45001 Менеджмент жүйесінің сертификаттары;

2) Сапа менеджменті жүйесінің сертификаты немесе сапа саласындағы саясат, сапа жөніндегі Нұскаулық (немесе сапа менеджменті жүйесін сипаттайтын құжатталған ақпарат), сондай-ақ сапа менеджменті жүйесіне жауапты қызметкердің біліктілігін растайтын құжаттар;

### 3.8. Компанияның қаржылық тұрақтылығы:

1) Үлгілік шарт жасалған күннен бастап үш жылға арналған Бизнес-жоспар. Бизнес-жоспар конкурсқа қатысушының маркетингтік стратегиясының қысқаша сипаттамасын қамтуы керек (баға белгілеуді, шығындарды есептеуді және мақсатты нарыкты қоса алғанда) және ХКЕС - ке сәйкес жасалуы керек;

2) Қаржы ресурстарын растау: конкурсстық құжаттамада талап етілетік қажетті қаржы ресурстарының болуын растайтын әлеуетті жеткізушінің депозиттік шотынан ұзінді

көшірме немесе конкурстық құжаттамада талап етілетін қаржы ресурстарының болуын раdstайтын банктен алынатын өзге құжат.

3) Әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінің алдындағы 3 (үш) айдан астам уақыт ішінде банк (банктер) алдындағы мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы Банктің (банктердің) анықтамасы (егер әлеуетті жеткізуши бірнеше Екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, осы анықтама мыналардан ұсынылады Банктің (банктердің) мөрімен бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның колы қойылған. Анықтама Қоғамның веб-сайтында іріктеу туралы хабарландыру орналастырылған күннен ерте берілмеуге тиіс;

4) Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күнге дейін 3 (үш) айдан ерте емес берілген электрондық құжаттың қағаз көшірмесі немесе салық берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтердің көшірмесі;

5) Әлеуетті жеткізушиңің 2020-2022 жылдардағы жалпыға қолжетімді аудиттелген жылдық қаржылық есептері. Бұл ретте KPMG, Ernst & Young, Deloitte, PricewaterhouseCoopers аудиттеген есептер өтінімді карау кезінде артықшылыққа қе болады.

#### **4. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау, бағалау**

4.1. Конкурстық өтінімді әлеуетті жеткізуши немесе сенімхат бойынша оның мүдделерін білдіретін тұлға мәрленген конвертте қағаз жеткізгіште ұсынады. Қағаз жеткізгіштегі өтінім тігілуі, оның беттері немірленуі, құжаттардың тігілген жеріндегі сонғы беттің айналымы әлеуетті жеткізушиңің қолымен және мөрімек (бар болса) күзлендірылуы тиіс. Құжаттарда бос жолдарды, өшірулерді, түзетулерді және жазбаларды әнгізуге жол берілмейді.

4.2. Мәрленген конверттің алдынғы жағында әлеуетті жеткізуши келесілерді көрсетеді:

- 1) лотттың аты мен нөмірі;
- 2) әлеуетті жеткізушиңің толық атауы және пошталық мекенжайы;
- 3) әуежай пайдалануышының толық атауы. Әлеуетті жеткізуши конкурстық өтінімді дайындауға байланысты барлық шығыстарды дербес көтереді.

4.3. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінім ашылмайды және әлеуетті жеткізушиге қайтарылады.

4.4. Конкурстық өтінімдерді берудің сонғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алуға жол берілмейді.

4.5. Конкурстық комиссияның отырысы, егер отырыска оның мүшелерінің жалғы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

4.6. Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері кіреді. Комиссияны комиссия төрғасы, ал сл болмаған кезде төрағаның орынбасары басқарады.

4.7. Конкурстық өтінімі бар әрбір конвертті ашқан кезде комиссия конкурстық өтінімдегі құжаттардың тізбесін жариялайды. Конкурстық өтінімді ашқан сәттен бастап комиссия әлеуетті жеткізушиңің ұсынылған конкурстық өтінімін және оған қоса берілестін құжаттарды 3 (үш) жұмыс күні ішінде толықтығы мен дұрыстығына қарайды.

4.8. Ұсынылған құжаттар қағидалардың 22-тармағының талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушиңі конкурсқа қатысуға жібереді.

4.9. Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушиден де, Казакстан Республикасының мемлекеттік органдарынан да қосымша материалдарды, түсіндірмелерді және раdstайтын құжаттарды сұратуға құқылы.

4.10. Комиссия әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтінімін қабылдамайды және қайтарады:

- 1) жеткізуши әуежайды пайдаланушы нұсқаулығында тиісті қызмет көрсету үшін

қажетті бөлікте көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) жеткізушінің өтінімі және оған қоса берілетін құжаттар Қағидагардың 22-тармағының талаптарына сәйкес келмесе;

3) Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі турауды дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталса;

4) әуежай инфрақұрылымының техникалық мүмкіндігі шектелсе.

4.11. Конкурстық комиссия қабылдамаған конкурстық өтінім көңілдердің өтінімдерді бағалауға және салыстыруға қабылданбайды.

4.12. Комиссия конкурс қорытындыларын комиссия мүшелері мен комиссия хатшысы қол қоятын конкурс қорытындылары туралы хаттаманың ресімдей отырып, конкурстық өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шығарады.

4.13. Конкурс қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған жердегі қызмет көрсетуші жеңімпаз болып танылады. Бұл ретте жеңімпаз үшін ең теменгі шекті мән 70 (жеткіс) баллды құрайды. Конкурсты өткізу кезінде әуежайдың техникалық мүмкіндігіне қарай конкурстың біреуден артық жеңімпазын айқындауға жол беріледі

4.14. Әуежайды пайдаланушы конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей әуежайды: пайдалаушының интернет-ресурсында конкурс қорытындылары туралы кол қойылған хаттаманың мәтінін жариялады.

4.15. Әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімді дайындауға байланысты барлық шығыстарды дербес көтереді.

4.16. Әлеуетті жеткізуші және оның үлестес тұлғасы бір лот бойынша кәнкурсқа қатыспайды.

4.17. Әлеуетті жеткізушілер конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерте немесе кері қайтарып ата алады. Конкурстық өтінімді кері қайтарып алу әуежайды пайдаланушының әтіна еркін нысанда жазбаша өтініш түрінде ресімделеді. Өздерінің конкурстық өтінімдерін кері қайтарып алған әлеуетті жеткізушілер конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі еткесінше дейін конкурсқа қатысуға өтінімді қайта бере алады. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

4.18. Женімпазға әуежай аумағында белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, тексеру үшін алаңға бару мүмкіндігі беріледі. Женімпаз әуежай аумағына өтуге байланысты барлық шығындарды өз бетінше көтереді

